



«Арқалық қаласындағы облыстық № 2
әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ
Әдістеме-библиография бөлімі

Арқалық - тарих толқынында



(Арқалық қаласына 65 жыл)

Библиографиялық көрсеткіш

Арқалық қаласы
2021 жыл

**«Арқалық қаласындғы облыстық
№ 2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ
Әдістеме-библиография бөлімі**

Арқалық – тарих толқынында

(Арқалық қаласына 65 жыл)

Библиографиялық көрсеткіш

Арқалық 2021

ӘОЖ 091
КБЖ 63.3 (5 Каз)
А 75

Құраст., компют. терген: К.М. Аубакирова
Жауапты ред.: Ә.Қ. Ахметжанова

Құрастырушы: К.М. Аубакирова
Шығарылымға жауапты: К.Б. Борибаева
Мұқабаны безендірген: С.М. Көшкінбай
Редактор: Ә.Қ. Ахметжанова

Арқалық – тарих толқынында [Мәтін] : (арқадағы сайын далада орналасқан Арқалық қаласының 65 жылдығына арналған) : библиографиялық көрсеткіш / Арқалық қаласындағы облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасы, Әдістеме-библиография бөлімі ; [құраст.; К. М. Аубакирова ; шығарылымға жауапты К.Б. Борибаева ; ред. Ә.Қ.Ахметжанова]. – Арқалық : [б.б.], 2021. – б. : сурет. – қазақ тілінде.

Әдістеме-библиография бөлімі Арқалық қаласының 65 жылдығына арналған библиографиялық көрсеткіш дайындады.

Библиографиялық көрсеткішке Арқалық қаласының құрылуы мен даму болашағы жайындағы мағлұматтар берілген.

ӘОЖ 091
КБЖ 63.3 (Каз)

© К. М. Аубакирова

Құрастырушыдан

Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының әдістеме-библиография бөлімі сіздердің назарларыңызға Арқалық қаласының құрылғанына 65 жыл толу мерекесіне арналған «Арқалық – тарих толқынында» атты библиографиялық көрсеткішін әзірлеп оқырман назарына ұсынып отыр.

Бұл жинақта тарихи тұлғалар өмірге келген бұрынғы Торғай облысының орталығы болған, бүгінде Қостанай облысына қарасты шағын қалалардың қатарына қосылған арқадағы сайын далада орналасқан Арқалық қаласы жайлы мәліметтер берілген.

Библиографиялық көрсеткіш «Тарихы терең Арқалық», «Географиялық орналасқан жері», «Арқалық қаласы туралы әдебиеттер мен Арқалық қаласы туралы мерзімді басылымдардағы жарияланымдардың тізімі», «Арқалық қаласында алғашқы ашылған нысандар», «Арқалық қаласындағы білім беру мекемелері», «Мәдениет саласы», «Арқалық қаласының тарихындағы қала басшылары», «Сындарлы сәттен еңсе көтеру», «Өркендеген көркем қала – Арқалық», «Арқалық қаласына – 65 жыл» атты бірнеше бөлімдерден тұрады.

Библиографиялық көрсеткішке баспасөзде жарияланған мақалалар мен кітапхана қорында бар материалдар енгізілген.

Әдебиеттер тізімі хронологиялық ретпен орналастырылып, көмекші құрал ретінде есімдердің әліпбилік көрсеткіші берілген.

Басылым көпшілік оқырман қауымға арналған.

Тарихы терең Арқалық



Ежелден елдік пен ерлікті ту қылып көтерген Торғай өңіріндегі құтты қоныстардың бірі болып табылатын Арқалық қаласының құрылғанына 65 жыл толып отыр.

Қызылқозы – (1951 жылға дейін осылай аталған) қазіргі Арқалық қаласы орналасқан жердің байырғы аты. Қызылқозы жер атауының Арқалықпен алмасуы арасында қаншама батқан күн, атқан таң, шеккен бейнет, төгілген тер жатқаны бүгінгі ұрпақтың білгені жөн.

Қаланың тұрған жері Аманкелді ауданы, Амантоғай колхозының мал жайылатын... (отгон) – Қызылқозы деген жайылымдық жер болатын. Бұл аймақтың топырағы қызыл-жоса болғандықтан мал баққан аталарымыз «Қызылқозы» деп атап кеткен екен. 1939–1940 жылдары әйгілі академик Қаныш Имантайұлы Сәтпаев келіп зерттеп Қызылқозыдан (боксит) алюминий шығатынын картаға түсірді. 1941 жылы Ұлы Отан соғысының басталып кетуіне байланысты бокситті қазу кешеуілдеп 1948-1949 жылдары зерттеу жұмысы қайта қолға алынды. Осы 1948 жылы сәуір айында Торғай геологиялық барлау экспедициясы ашылып, бастығы Владимир Лопатин болды. 1948 жылдың 1-сәуірінен бастап Қызылқозыға жұмыскерлер көшіп келе бастады. Көшіп келушілердің алғашқы отбасы алтау болатын. Олар Берден Байсенов, Нүркей Сағындықов, Сәт Әбдіреєв, Ахмет Балғожин, Тілеужан Ахметов, Қалқабике Сейтенова. Бұлар сол жылы жеркепе қазып алып бір қыстап шықты және ең бірінші Арқалықтың ірге тасын қалаушылар еді. Алайда қыстың қатаңдығы, судың тапшылығына қарамастан 1948-1956 жылдар аралығында жұмысшы поселкасы Қызылқозы пайда болды.



Арқалық боксит кешені

Арқа төсіндегі ару қала Арқалық қаласының құрылуы боксит пен алюминий тотығы кенішінің табылуымен тығыз байланысты. 1948 жылы кен орнының мол қоры өнеркәсіптік түрде игеруге жарамды екенін дәлелдеген геолог ғалым Алексей Волковтың еңбегін ерекше атауға болады.

1956 жылдан – 1960 жылға дейін Торғай геологиялық барлау экспедициясының бастығы Калменов Мұхамбеджан Аташұлы болды және геологтар Абдолла Тоқсанбаев, Жақан Шамшиндер қажырлы еңбек етті. Осылардың ішінде Арқалыққа аса зор еңбегі сіңген геолог Қалменов Мұхамбеджан еді. Ол Арқалықтың болашағы зор екенін, қазба байлығы толық 120 жылға жететінің дәлелдеді. Арқалықтан өте сапалы ракета, самолет жасайтын алюминий шығатынын зерттеп, бірден-бір нақтылы түсінік жазған қазақтың ғалым азаматы болатын.


Кеншілер 1961 жылдың наурыз айының 30 жұлдызын ешуақытта ұмытпайды. Осы күні Арқалық руднигінің бірінші учаскесінде Ф.Р. Иммель басқарған экипаж тау жынысын тұңғыш рет КРАЗ – 222 автосамосвалына тиеді.



Торғай даласы қойнауынан ең алғашқы боксит кесіндісін көтеру 1963 жылы Демченко Михаилдің үлесіне бұйырды. Мұражай алаңында осы кескінді Арқалық қаласының символы ретінде экскаваторщиктің шөміші тұр.

1971 жылы оған Кеңестер Одағының ең жоғарғы марапаты Социалистік еңбек Ері атағы берілді.

Кен орынының ашылуына байланысты 1956 жылдың 25 маусымында болашақ қаланы салуға Есіл станциясына (Арқалыққа дейін 219 шақ.) Рига қаласынан 800 адамымен бірінші эшелон келеді. Ресейден, Украина, Молдавия, Латвия, Литва, Рига тағы да басқа жерлерден құрлысшы жұмыскерлер келе бастады. Олар Алексей Пурвинин, Руфина Маясова, Крюков, Вера Пастухова. С Циуля, З. Васильевская т.б. бар еді. Олар ол кезде алда қандай қиындықтар кездесетінін білмейтін де еді, өйткені, Торғай даласының климаты өте қатал болатын. Жазы ыстық, қысы өте суық еді, қыста ауа температурасы 40 градус аязға дейін төмендейтін. Торғай, Амангелді, Атбасар, Қарағанды, Жезқазған, Қостанай, Ақмола, Есілден жергілікті ұлт өкілдері әртүрлі кеншілік мамандығын игеріп өндіріске араласты. Солардың ішінде Қазыбаев Мұстақап, Байгеншиев Бортай, Молдахметов Әмір, Рахимов Шарапат, Адырбаев Дүйсенбек, Молдахметова Бижамал т. б. бар. Құрылысшылар бригадалары көп ұлт өкілдерінен құралды.



Қазіргі Арқалық қаласы көшелерінің атаулары өзі бауырластықтың белгісі: украин Демченко, татар қызы Маясова, орыс Горбачев, қазақ Садықов есімдері берілген. Құрылыс қарқыны артып көптеген тұрғын үйлер, мәдени ғимараттар салына бастады. Жапан түзде қызу еңбек осылайша қайнап сала берді. 1951 жылы 30 тамызда Қазақ ССР Жоғарғы кеңесі Президиумының шешімі бойынша Арқалық жұмысшы поселкесі Кеңесі құрылды. 1962 жылы Кеншілер

поселкесі Арқалық аудан орталығына айналды.

1956 жылыдың 27 қазанында Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының шешімімен Арқалық жұмысшылар поселкасы құрылды. Бұл күн Арқалық қаласының ресми құрылған күні болып саналады және Сарыарқа төсін кең жайлап жатқан даланың жұлдызды сәті деуге болады. 1965 жылы 30 маусымда Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен Арқалыққа қала статусы берілді. Кеншілер, құрылысшылар, тың игерушілер қаласы – Арқалық, әр күн сайын көркейіп, сұлулана түсті. Деректерге сүйенсек, «Арқалық» терминінің топонимикалық мағынасының бірі – ұсақ жота, төбе дегенді білдіреді екен. Бұл жер белес-белес, арқа-арқа екен. Кен басқармасының алғашқы директоры Абдолла Тоқсанбаев, геолог Мұхаммеджан Қоймановпен ақылдаса келіп «Арқалық» деп атау беріп, содан бері осы атау қалыптасып кетті.

1950–60жылдары Амангелді және Арқалық аудандарының басшысы болған Социалистік еңбек Ері Қозыбаев Оразалы кенді мекеннің қарқынды дамуын ұйымдастырумен қатар бұл топыраққа бидай себуге болатындығын «Правда» газеті бетінде дәлелдейді. Сол кезеңнен бастап Торғай даласы Қазақстанның негізгі

егін алқаптарының біріне айналады. Торғай астығы сапасы жағынан елімізде көш бастады. Қамыры қатты бидай қай шақта да сұранысқа ие.



Қанатты қазына ордасына айналып отырған Арқалық қаласын ғарыш гаваны десе де болады. Өйткені, қонақжай Торғай жері ғарыш қырандарын талай рет құшақ жая қарсы алған аймақ.

Арқалық даласы 40 жылдай уақыт бойы қаншама рет ғарышкерлердің жерге оралғанының куәсі болып келеді. Олардың ішінде Арқалық топырағын басқан тек ресейлік ғарышкерлер ғана емес Америка, Европа ғарышкерлері де бар. 1965-1975 жылдар арасында Арқалыққа елуден астам ғарышкерлер қонақ болды.

Қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаевтар осы Арқалыққа қонып Арқалықтың «Құрметті азаматтары» аталды.


Географиялық орналасқан жері

Арқалық өңірі аумағының жалпы алаңы 1558,7 мың га құрайды. Арқалық қаласы Қостанай облысының оңтүстік жағында орналасқан. Қала Қостанай облысының Амангелді ауданымен, Ақмола облысының Жарқайын ауданымен, Қарағанды облысының Ұлытау ауданымен шектеседі. Қостанайға дейін қашықтық – 550 шақырым, Астана қаласына дейін – 670 шақырым. Қала облыс орталығымен және Қазақстанның Елордасымен автомобиль жолдары және темір жол арқылы байланысады.

Жер бедері. Қала аумағы негізінен Қазақ жазық бедерімен сипатталады. Жергілікті жер шығысында Терісаққан, батысында Ашутасты өзенінің арасындағы жазықта Торғай үстірті маңында орналасқан. Қаланың шығыс бөлігінде (403м) ең биік, Ақжар өзенінің жазығы бойынша негізгі абсолюттік (305м) төменгі белгілері байқалады. Ауданың абсолюттік белгісі 330-380 м болып табылады.

Топырағы. Арқалық қаласы құрғақ дала аймағында орналасқан. Қаланың солтүстік бөлігі сарғылт шағын аймағына жатады, аймақтың оңтүстігі – теңбілденген сортаң ашық сарғылт топырақтан тұрады. Қаланың жалпы жерінің аумағы 1558,7 мың га құрайды. Ауылшаруашылығы жер-суының аумағы 1516,9 мың га, оның ішінде 355,1 мың га, немесе 23,4%-егістік, 1148,8 мың га (75,7%) – жайылым жерін алып жатыр. Арқалық қаласының жері өзінің табиғи ерекшелігіне қарай негізінде ауылшаруашылық жеріне (97%) тұрады, орман ауданы мен көгалдандыру алаңдары қаланың жер қоры құрылымында небары 0,36% су асты және саз батпақ 0,53%, әр түрлі қажеттіліктерге 2,11% құрайды.

Өсімдігі. Қаланың солтүстік бөлігінде көбінесе қызыл селеу және әр түрлі шөпті кара топырақ, оңтүстік бөлігінде топырағы ашық қоңыр бетегелі-селеу және жусан шөпті болып келеді.



Арқалық қаласы туралы әдебиеттер:

1. Алтын дала. Қостанай облысы=Костанайская область [Мәтін] : фотокнига / құраст.: Г. Дильдяев. – Алматы: Атамұра, – 2005. –352 б.
2. Арқалық қаласы [Мәтін] // Детская энциклопедия. Ред. Е. С. Цвентух. Том Аркалык – город сильных и стойких духом людей. Костанай, – 2005. – Б. 9–52.
3. Қостанай облысы Торғай аймағы көрікті жерлерінің ақпаратты бағдар тізбесі=Информационно-маршрутный каталог достопримечательностей Костанайской области Торгайского региона [Мәтін] : [жолсілтеме]. – Қостанай: Шапақ, – 2011. – 122 б.
4. Торғайдың кенді жүрегі=Рудное сердце Торгая [Мәтін] / редкол.: А. Ибрагимов ж. б. – Алматы: ИД "Казахстаника", – 2006. – 144 б.
5. Торғай өңірінің бас қаласы: құрылуы және даму болашағы=Главный город Торгайского региона : становление и перспективы развития [Мәтін] : облыстық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары / Б. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты. – Арқалық, – 2006. – 260 б.



Арқалық қаласы туралы мерзімді басылымдардағы жарияланымдары:

2021

6. Амантайұлы, Дархан. Қалаға жаңа әкім тағайындалды [Мәтін] : [Арқалық қаласына жаңа әкім Әмірхан Біркенұлы Асанов тағайындалды] / Д. Амантайұлы // ARQALYQ habary. – 2021. – 7 мамыр. – Б. 1.
7. Таткенова, Жұпар. Қаланың құрылу тарихы [Мәтін] / [Арқалық өңірлік мемлекеттік архивінің ақпараты бойынша] / Жұпар Таткенова // Арқалық хабары. – 2021. – 10 қыркүйек. – Б. 6.; 17 қыркүйек. – Б. 3.; 1 қазан. – Б. 4, 6, 7.
8. Жүнісұлы, Мұрат. Қос нысан ашылды [Мәтін] : Арқалық қаласында «Денсалық» сауықтыру орталығы мен автодромның салтанатты ашылуы өтті. / Мұрат Жүнісұлы ; суретті түсірген автор // Қостанай таңы. – 2021. – 9 шілде. – Б. 5.
9. Жүнісұлы, Мұрат. «Өлкеден шыққан тарландар» [Мәтін] : [мерейтойлар көрмесі] / Мұрат Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2021. – 14 мамыр. – Б. 16.
10. Қала тынысымен танысты [Мәтін] : [Арқалық қаласының әкімі Әмірхан Асанов «Агроинтерқұс» ЖШС жұмыс барысымен танысты] / бетті дайындаған Маржан Алпыс // Қостанай-АГРО. 2021.– 20 мамыр. – Б. 17.

2020

11. Әбдісағит Тәтіғұлов – инженер, ғалым, ұстаз, өндіріс ұйымдастырушысы және жетекшісі болды [Мәтін] : [Әбдісағит Тәтіғұлов] / Арқалық қаласы әкімінің аппараты // ARQALYQ habary = Торғай. – 2020. – 28 ақпан. – Б. 7.
12. Сансызбаев, Елжан. Арқалық – ғарыш айлағы [Мәтін] / Елжан Сансызбаев // Қостанай таңы. – 2020. – 14 сәуір. – Б. 8.
13. Жүнісұлы, Мұрат. Алтын бұйымдар табылды [Мәтін] : [Арқалық қаласында] / Мұрат Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2020. – 30 маусым. – Б. 2.
14. Терек, Рауан. Торғайдан ескен бір самал [Мәтін] : [журналист-жазушы Ахметхан Байжан] / Рауан Терек // ARQALYQ habary. – 2020. – 24 шілде. – Б. 3.
15. Жүнісұлы, Мұрат. Қала дамуы қалыпты [Мәтін] : [Арқалық қаласының дамуы жайлы] / Мұрат Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2020. – 12 тамыз. – Б. 5.
16. Арқалықтың аяқ алысы қалай? [Мәтін] : [қаланың дамуы] / «АХ» ARQALYQ habary. – 2020. – 14 тамыз. – Б. 3.
17. Жүнісұлы, Мұрат. Қайта түлеген Арқалық [Мәтін] : [Арқалық қаласының дамуы жайлы] / Мұрат Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2020. – 19 тамыз. – Б. 5.
18. Амантайұлы, Дархан. Кезекте тұрғандарға баспана алуға мүмкіндік беретін жаңа бағдарлама Арқалыққа қашан келеді?! [Мәтін] : [қаладағы баспана мәселесі] / Дархан Амантайұлы // ARQALYQ habary. – 2020. – 21 тамыз. – Б. 3.

2019

19. Хасенова, Зайгүл. Арқалықтың болашағы – бүгінгі жас буынның қолында [Мәтін] : [кітапханадағы іс-шара] / Зайгүл Хасенова // ARQALYQ habary = Торғай. – 2019. – 20 ақпан. – Б. 5.
20. Болмысы бөлек Бораш [Мәтін] : [мәдениет қайраткері Боранбай Әбенәпен сұхбат] / сұхбаттасқан Дархан Амантайұлы // ARQALYQ habary = Торғай. – 2019. – 15 наурыз. – Б. 4.
21. Жазба айтыс: Батырлан мен Ақгүл [Мәтін] : [Арқалық қаласының ақыны Батырлан Сағынтаев пен Қызылордалық өнерпаз Ақгүл Тұрсынбайдың айтысы] / [газ. ред.] // Қостанай таңы. – 2019. – 2 сәуір. – Б. 6–7.
22. Әкімнің орынбасары тағайындалды [Мәтін] : [жаңа тағайындау] / «АХ» // ARQALYQ habary = Торғай. – 2019. – 5 шілде. – Б. 3.
23. Әлімғазина, А. Арайлы Арқалығым! [Мәтін] : [кітапханадағы іс-шара] / А. Әлімғазина // ARQALYQ habary = Торғай. – 2019. – 4 қазан. – Б. 6.
24. Жастардың есімі «Алтын кітапқа» енді [Мәтін] : [Арқалықта жастарды марапаттау] / [газ. ред.] // ARQALYQ habary = Торғай. – 2019. – 27 желтоқсан. – Б. 1, 4.

25. Жүнісұлы, Мұрат. «Өмірімді баспасөз қызметіне арнады» [Мәтін] : - дейді Қазақстанның құрметті журналисі, Арқалық қаласының құрметті азаматы Жақсылық Жүнісұлы / Мұрат Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2018. – 5 қаңтар. – Б. 5.
26. Жүнісұлы, Мұрат. В. К. Божко, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі төрағасының орынбасары: «Арқалық алға басады» [Мәтін] : [Арқалыққа жұмыс сапары] / Мұрат Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2018. – 10 қаңтар. – Б. 3.
27. Облыс активі өтті [Мәтін] : [онлайн конференция] / «Торғай – ақпарат» // Торғай. – 2018. – 19 қаңтар. – Б. 1.
28. Қонысбай, Кенже. Тұрақтылық тұғырында [Мәтін] : Облыс әкімінің Арқалық қаласына сапарынан / Кенже Қонысбай // Қостанай таңы. – 2018. – 6 ақпан. – Б. 2.
29. Амантайұлы, Дархан. Қала әкімі есеп беріп, ел көкейдегі мәселесін айтты [Мәтін] : [Арқалық қаласының әкімі Амантай Балғариннің есебі] / Дархан Амантайұлы // Арқалық хабары. – 2018. – 9 ақпан. – Б. 1.
30. Өңірдің өнері өрісті [Мәтін] : [Арқалық қаласында ХХХІІ-ші облыстық көркемөнерпаздар фестивалі өтті] / «Торғай – ақпарат» // Торғай. – 2018. – 9 ақпан. – Б. 3.
31. Жүнісұлы, Мұрат. Бектас Бекназаров, ҚР Парламенті Сенаты төрағасының орынбасары, ҚР Құрметті судьясы: «Тұрақтылық болса, бәрі болады» [Мәтін] : [Арқалыққа жұмыс сапары] / Мұрат Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2018. – 4 сәуір. – Б. 1, 2.
32. Амантайұлы, Дархан. Сенат төрағасының орынбасары: «Арқалықтың мәселелері назарымызда болады» [Мәтін] / Дархан Амантайұлы // Арқалық хабары. – 2018. – 6 сәуір. – Б. 1.
33. Жүнісұлы, Мұрат. Нәтижелі қадам – дәйекті даму [Мәтін] : [Арқалық қаласы] / Мұрат Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2018. – 20 сәуір. – Б. 4.
34. Қала басшысы қарт майдангерлерді құттықтады [Мәтін] : [Арқалық қаласының әкімі Балғарин Амантай] / «АХ» // Арқалық хабары. – 2018. – 18 мамыр. – Б. 3.
35. Жүнісұлы, Мұрат. Көшеге көңіл бөлінбек [Мәтін] : [Арқалық қаласында] / Мұрат Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2018. – 29 мамыр. – Б. 4.
36. Амантайұлы, Дархан. Арқалықтың жаңа әкімі – Эльдар Күзенбаев [Мәтін] : [жаңа тағайындау] / Д.архан Амантайұлы // Арқалық хабары. – 2018. – 6 шілде. – Б. 1.
37. Жапарұлы, Молдатай. Арқаның көркі – Арқалық [Мәтін] : [өлең] / Молдатай Жапарұлы // Арқалық хабары. – 2018. – 19 қазан. – Б. 5.
38. Амантайұлы, Дархан. Арқалық қаласының құрылғанына – 62 жыл толады [Мәтін] / Дархан Амантайұлы // Арқалық хабары. – 2018. – 19 қазан. – Б. 1.

39. Амантайұлы, Дархан. Көшелі іс көшеден басталады [Мәтін] : [Арқалық қаласындағы ономастика мәселесі] / Дархан Амантайұлы // Қостанай таңы. – 2018. – 20 қараша. – Б. 6.

2017

40. Арқалық қаласының әкімі А. Балғариннің «Арқалық қаласының 2016 жылдың әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары және 2017 жылға перспективалар туралы» есебінің тезистері [Мәтін] : 2016 жылғы қаланың әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы // Арқалық хабары. – 2017. – 17 қаңтар. – Б. 2–4.
41. Жүнісұлы, Мұрат. АРҚАЛЫҚ: есеп берілді, ел ертеңіне сенімді [Мәтін] : [қала әкімінің есебі] / Мұрат Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2017. – 1 ақпан. – Б. 6–7.
42. Жүнісұлы, Мұрат. Арқалықтың келешегі зор [Мәтін] : Инфрақұрылымды дамыту – игілікті шара / Мұрат Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2017. – 31 мамыр. – Б. 4–5.
43. Жүнісұлы, Мұрат. Қала көркіне көңіл бөлінуде [Мәтін] : [Арқалық қаласы] / Мұрат Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2017. – 13 қазан. – Б. 4.
44. Досжан, Хамит. Ажарлана бер Арқалық! [Мәтін] : [қаланың қазіргі жағдайы жайында] / Хамит Досжан // Торғай. – 2017. – 20 қаңтар. – Б. 4.

2016

45. Есмағанбетов, Қайрат. Ауыл әкімдерінің есеп берулері аяқталды [Мәтін] : [қала әкімінің ауыл мәселелерімен танысып қорытынды жасауы туралы] / Қайрат Есмағанбетов // Арқалық хабары. – 2016. – 5 ақпан. – Б. 3.
46. Молдашұлы, Болат. Арайлы Арқалығым [Мәтін] : [өлең] / Болат Молдашұлы // Торғай. – 2016. – 6 шілде. – Б. 4.
47. Жапарұлы, Молдатай. Оюшы Шөптібай Байділдин 70 жаста [Мәтін] : [өлең] / Молдатай Жапарұлы // Торғай. – 2016. – 2 қыркүйек. – Б. 3.
48. Өмірбек, Жұмағали. Арқалығым, армысың! [Мәтін] : [ән] / Жұмағали Өмірбек ; Сөзін жазған Әбжан Әбілтаев // Торғай. – 2016. – 9 қыркүйек. – Б. 3.
49. Макишев, Рауан. Арқалыққа арнау [Мәтін] : [өлең] / Рауан Макишев // Торғай. – 2016. – 16 қыркүйек. – Б. 3.
50. Аймағамбетұлы, Роман. Арқалық қаласы құрылуының тарихи негіздері [Мәтін] / Роман Аймағамбетұлы // Торғай. – 2016. – 23 қыркүйек. – Б. 4.
51. Науан, Қали. Арайлы Арқалығым [Мәтін] : [өлең] / Қали Науан // Торғай. – 2016. – 28 қазан. – Б. 4.
52. Арқалық қаласының «Алтын кітабы» жаңа есімдермен толықты [Мәтін] / [газ. ред.] // Арқалық хабары. – 2016. – 30 желтоқсан. – Б. 3.
53. Есмағанбетов, Қайрат. Бокситке бай өлкені барлаған [Мәтін] : [алғашқы

геологтардың бірі Жақан Сахипұлы Шамшиннің ерен еңбектері жайында] / Қ. Есмағанбетов // Арқалық хабары. – 2016. – 26 тамыз. – Б. 4.

2015

54. Ордабай, Батырхан. Арайланды Арқалық ; Ару қыздар [Мәтін] : [өлеңдер] / Батырхан Ордабай // Арқалық хабары. – 2015. – 24 сәуір. – Б. 7.
55. Өз ұлдарын Отаны ұмытпайды [Мәтін] : [Арқалықта ескерткіш ашылды] // Жас өркен Қостанай. – 2015 . – № 5 . – Б. 17.

2014

56. «Арқалық болашақтың қаласына айналады» [Мәтін] : [қала әкімі Ғазиз Бекмұхамедовпен әңгіме] / Ғ. Бекмұхамедов // Қостанай таңы. – 2014. – 15 қаңтар. – Б. 4–5
57. Досжанов, Хамит. Қайран, Қызыл қозым-ай! [Мәтін] : [Қызыл қозы сөзінің дүниеге келуі туралы] / Хамит Досжанов // Торғай. – 2014. – 8 тамыз. – Б. 4.
58. Нұрман, Сүгірбай. «Әй-Әйын» әлдилеген Арқалық [Мәтін] : [ақын Қонысбай Әбілдің поэзия кеші туралы] / Сүгірбай Нұрман // Торғай. – 2014. – 5 қыркүйек. – Б. 3.
59. Бектемісов, Асқарбек. Арқалықтың ажары неге солғын? [Мәтін]: [Арқалықтың бүгінгі бейнесі] / Асқарбек Бектемісов // Қазақ. – 2014. – 3–17 қазан. – Б. 4.
60. Бегалы, Асылхан. Ару қалам Арқалық [Мәтін] : [өлең] / Асылхан Бегалы // Арқалық хабары. – 2014. – 31 қазан. – Б. 7.
61. Ибадильдаев, Талғат. Арайлы Арқалығым [Мәтін] : [өлең] / Талғат Ибадильдаев // Арқалық хабары. – 2014. – 31 қазан. – Б. 7.

2013

62. Қайырбек, Ақбота. Арқалығым [Мәтін] : [өлең] / Ақбота Қайырбек // Торғай. – 2013. – 8 наурыз. – Б. 3.
63. Бізге ұлттық арман керек [Мәтін] : [Арқалық қаласының әкімі Берік Әбдіғалиұлымен сұхбат] / Берік Әбдіғалиұлы ; әңгімелескен Жарасбай Сүлейменов // Егемен Қазақстан. – 2013. – 12 наурыз. – Б. 2.
64. Жүнісұлы, Мұрат. Министр қатысқан конференция [Мәтін] : [Арқалық қаласында өткен конф. ҚР Білім және ғылым министрі қатысты] / Мұрат Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2013. – 20 қыркүйек. – Б. 1–2.
65. Сейтқожина, Гүлнар. Гүлдене бер, ару қала – Арқалық! [Мәтін] : [Арқалық қаласы туралы] / Гүлнар Сейтқожина // Торғай. – 2013. – 23 қазан. – Б. 4.
66. Жәрімбетова, Нәзира. Жәуке батырға ескерткіш орнатылды [Мәтін] : [Арқалық қаласында ескерткіш орнатылды] / Нәзира Жәрімбетова //

Егемен Қазақстан. – 2013. – 1 қараша. – Б. 8.

67. Ділдабек, Жанерке. Арқалық – ардақ қалам [Мәтін] : [өлең] / Жанерке Ділдабек // Арқалық хабары. – 2013. – 15 қараша. – Б. 5.

2012

68. Жапаров, Молдатай. Арқалық деген Арқада туған ұлы есім [Мәтін] : [өлең] / Молдатай Жапаров // Арқалық хабары. – 2012. – 24 қазан. – Б. 4.
69. Өмірбек, Ж. Арқалық қаласы мәдениетінің өткені мен бүгінгісі [Мәтін] : [қаланың мәдениеті мен өнер саласының дамуы туралы] / Ж. Өмірбек // Торғай. – 2012. – 9 қараша. – Б. 4.
70. Өмірбек, Жұмағали. Бұрынғы мен бүгіні [Мәтін] : [Арқалық қаласының мәдени, рухани дамуы] / Жұмағали Өмірбек // Отбасы және денсаулық. – 2012. – № 9–10. – Б. 5.
71. Алматова, Сандуғаш. Өн аялаған Арқалық [Мәтін]: [Арқалық қаласының мәдени, рухани дамуы] / Сандуғаш Алматова // Отбасы және денсаулық. – 2012. – № 9–10. – Б. 2–4.
72. Жүнісұлы, Мұрат. Абаттанған Арқалық! [Мәтін] : [өлең] / Мұрат Жүнісұлы // Арқалық хабары. – 2012. – 24 қазан. – Б. 3.
73. Сомжүрек, Жұма-Назар. Жұлдызы Арқалықтың жанар тағы [Мәтін] : [өлеңдер] / Жұма-Назар Сомжүрек // Арқалық хабары. – 2012. – 16 қараша. – Б. 4.
74. Досжанов, Хамит. Айта бергім келеді, айта бергім [Мәтін] : [қаламыздың 55 жылдығына байланысты] / Х. Досжанов // Арқалық хабары. – 2011. – 16 қыркүйек. – 3 б..
75. Досжанов, Хамит. Қаламыздың төрінде А. Байтұрсынов [Мәтін] : [жазушы Ахмет Байтұрсыновтың ескерткішінің ашылуы туралы : суреті бар] / Х. Досжанов // Арқалық хабары. – 2012. – 2 қараша. – Б. 3.
76. Арқалық қаласы мәдениетінің өткені мен бүгінгісі [Текст] : [қаланың мәдениеті мен өнер саласының дамуы туралы] / Ж. Өмірбек // Торғай. – 2012. – 9 қараша. – Б. 4.

2008

77. Айткенов, З. Торғай өңіріндегі бірден бір жоғары оқу орны [Мәтін] : [қаламыздағы жоғары оқу орны] / З. Айткенов // Арқалық хабары. – 2008. – 27 маусым. – Б. 3.
78. Әбдірәсіл, Ж. Астанам; Арайлы Арқалық; Туған өлкем Қазақстан [Мәтін] : [өлеңдер] / Ж. Әбдірәсіл ; Жаннұр Әбдірәсіл // Арқалық хабары. – 2008. – 30 маусым. – Б. 3.
79. Балахметқызы, Сағила. «Арқалық неге шетте қалады?..» [Мәтін] : [Арқалық қаласы туралы естелік] / Сағила Балахметқызы // Торғай. – 2008. – 11 сәуір. – Б. 4.

80. Боранбаев, Мінайдар. Өскен ел жайлы әңгіме [Мәтін] : [Қызылқозының 60 жылдығына орай] / Мінайдар Боранбаев // Торғай. – 2008. – 5 қыркүйек. – Б. 4.
81. Ерназаров, Түгел. Қалай басталып еді.. [Мәтін] : [Қызылқозының 60 жылдығына орай] / Түгел Ерназаров // Торғай. – 2008. – 19 қыркүйек.

2006

82. Ғалымбекұлы, Ғанибет. Арқалықтың ақ таңы атқан күн [Мәтін] : [Арқалық қаласының қалыптасу тарихы] / Ғанибет Ғалымбекұлы // Арқалық хабары. – 2006. – 13 қаңтар. – Б. 3. ; Қостанай таңы. – 2006. – 7 ақпан. – Б. 4.
83. Садықова Гүлім. Асудан асуға ! [Мәтін] : [Арқалық қаласы туралы] / Гүлім Садықова // Торғай. – 2006. – 10 ақпан. – Б. 4.
84. Арқалық қаласының 2006 жылға арналған бюджеті [Мәтін] : Арқалық қалалық мәслихатының шешімі 2006 жылғы 16 наурыз № 228 // Арқалық хабары. – 2006. – 7 сәуір. – Б. 3.
85. Қасенова, Р. Ару қала – Арқалық [Мәтін] : Арқалық қаласының қалыптасу тарихы / Р. Қасенова // Арқалық хабары. – 2006. – 7 сәуір
86. Ғалымбекұлы, Ғанибет. Қош, кездескенше спартакиада [Мәтін] : [Арқалық қаласының мерейтойына орай ұйымдастырылған іс-шаралар] / Ғанибет Ғалымбекұлы // Арқалық хабары. – 2006. – 21 шілде. – Б. 3.
87. Досжанов, Хамит. Әлем таныр атақты бол, Арқалық ! [Мәтін] : Арқалыққа - 50 жыл / Х. Досжанов // Арқалық хабары. – 2006. – 10,17,24 ақпан.
88. Досжанов, Хамит.Бағың жансын, Арқалық! [Мәтін] : [өлеңдер] / Х. Досжанов // Арқалық хабары. – 2006. – 24 наурыз. – 4 б.

2005

89. Айтмағамбетов, Есмұхамбет. Кішкентай қаланың үмітті тірлігі [Мәтін] : [қаланың тыныс-тіршілігі туралы] / Есмұхамбет Айтмағамбетов // Отбасы және денсаулық. – 2005. – № 2. – Б. 11–15.
90. Ілияс, Байтұрсын. Арқадағы Арқалық [Мәтін] : [Арқалық қаласы туралы] / Байтұрсын Ілияс // Егемен Қазақстан. – 2003. – 7 қаңтар. – Б. 5.
91. Байжан, Ахметхан. Азап апанындағы Арқалық [Мәтін] : [Арқалық қаласының бүгінгі тағдыры туралы] / Ахметхан Байжан // Жас Алаш. – 2001. – 5 мамыр. – Б. 2.
92. Бейсекеев, Сұлтанғали. Қызылқозы қалай игерілді? [Мәтін] : [Арқалық қаласының 45 жылдығына орай] / Сұлтанғали Бейсекеев // Торғай. – 2001. – № 40. – Б. 3.

1990

93. Әбуғалиева, Т. Ұтымды жолды іздестірейік [Мәтін] : [Торғай облысын қайта ашу туралы] / Т. Әбуғалиева // Арқалық таңы. – 1990. – 12 шілде. – Б. 4.
94. Нұрманов, Жомарт. Арқалықтағы қауышу [Мәтін] : [ұшқыш-ғарышкер А. Соловьев пен А. Баладиннің Торғай жеріне қонуы туралы] / Жомарт Нұрманов // Арқалық таңы. – 1990. – 11 тамыз. – Б. 4.
95. Аманжолова, Алма. Арқалықтың амандығын тілеймін [Мәтін] : [қаланың қазіргі жағдайы туралы] / Алма Аманжолова // Қостанай таңы. – 1999. – 18 желтоқсан. – Б. 4.
96. Смағұлұлы, Ыдырыс. Торғай баршаңызға алғыс айтады [Мәтін] : [торғай облысының қайта ашылу салтанатынан] / Ыдырыс Смағұлұлы // Арқалық таңы. – 1990. – 28 тамыз.

Арқалық қаласында алғашқы ашылған нысандар

Торғай облысы алғаш ашылғанда Арқалық қаласының оның орталығы болуы заңды құбылыс болатын. Ұлы даланы тұлпарларының тұяғымен және жалынды үндеуімен дүбірлете оятқан, еліміздің бостандығы үшін жанын пида еткен Шақшақ Жәнібек, Амангелді мен Кейкі, Әбдіғапар мен Әліби Жангелдиндердің, Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов аталарымыздың тарихи Отанында орналасқан кенді қала Арқалық өндірістің ошағы ғана емес, мәдени-тарихи орталыққа айналып, екінші өрлеу кезеңін басынан өткізді. Осы жылдары қалада тұрғын үйлер, театр, спорт кешендері, өндіріс нысандары салынды.


1966 жылы Арқалықта тұңғыш ауыл шаруашылық техникумі ашылды. Ағаштар отырғызылып, көшелер асфальттала бастады. 1965 жылдан бастап Арқалыққа Целиноград-Арқалық жолаушылар поезы жүре бастады. 1964-1965 жылдары әуе қатынасы тұрақтандырылып 1965 жылы қазіргі «Северный» поселкасы тұрған жерде ұшақтар қонатын аэропорт болды. Бұл бірінші Арқалық аэропортына Ан-2, Як-12, Ли-2, Ил-14 ұшақтары қонды. Солай Арқалық – Аманкелді – Қостанай әуе қатынасының дамуы, қаланың тез арада өсуіне, оның экономикалық дамуына, халық шаруашылығының қуатын арттыруға зор ықпал етті.

1959 жылдың күзінде Есіл мен Арқалық аралығында алғашқы темір жол қатынасының орнауы, 1958 жылы Ашутасты өзен құбырымен қалаға судың келуі, 1966 жылы бірінші бес қабатты үйлердің берілуі. Қазіргі Абай көшесі №48 үй ол кезде №1 үй еді, оған 56 отбасы кіргізіліп, қала өзгере берді. . Ш. Уәлиханов атындағы қазақ мектеп интернаты және Б. Майлин атындағы аралас қазақ-орыс мектептерінің ашылуы. Ең алғаш 1977 жылы сәулетті де биік 10 қабатты тұрғын үй салынды, оның астында сұлу да сәнді «Рубин» дүкені ашылды. Ал 1980-1990 жылдары қалалықтардың сәулетті зәулім «Ажар», қонақ үй «Арқалық», «Автовокзал», «Әкімшілік мекемесі», «Қазақстан» кинотеатры, «Универсам», «Кооператор», «Студенттер қалашығы», «Нан», «Сүт» зауытары, «Мектептер»,

«Горняк», т.б сұлу, әсем, сәнді ғимараттарымен толықтырды. Қала мен Торғай даласының жаршысы есебінде 1971 жылдың 15 қаңтарында «Торғай таңы», «Торгайская новь» газеттерінің шыға бастауы, 1971 жылдың 5 қаңтарыда облыстық радионың іске қосылуы, 1972 жылдың 28 желтоқсаны күні сағат 18.30-да көгілдір экраннан Арқалық тұрғындарының Мәскеу хабарларын алғаш көре бастауы, 1977 жылдың 14 шілдесінде мәдениет демалыс паркінің

пайдалануға берілуі, 1977 жылы Қазан төңкерісінің 60 жылдығына орай 600 көрермен сиятын «Қазақстан» кинотеатрының пайдалануға берілуі және тағы басқа да басты нысандардың бой көтеруі қала халқы үшін үлкен жаңалық болатын.





Арқалықтағы алғашқы жоғарғы оқу орны
Педагогикалық институт

MyShared

Қала құрлысы мен тарихына жарқын із қалдыратын даталы күннің бірі 1972 жылдың 12 сәуірі еді. Бұл күні білім ордасының қара шаңырағы атанған Б. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының ғимараты ашылды. Тұңғыш ректоры болып Мырзағали Отарұлы Төлегенов тағайындалды. 1972 жылы Арқалық медицина училищесі ашылды. Тұңғыш директоры Жұман Жангелдин болды.

1972 жылдың 25 желтоқсанында Арқалық қаласының халқы телемұнарасы орнағанының кәусі болып, қала тұрғындары көгілдір экран арқылы хабарлар көре бастады. Сонымен қатар Арқалық қаласындағы қонақжай орындардың бірі облыстық Дала өлкесі тарихи мұражайын 1972 жылдың 4 ақпанында Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің шешімімен құрылып, 1973 жылдың 28 шілдесінде алғашқы келушілерін қабылдады. Мұражайдың ашылу салтанатына республика басшысы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев өзі қатынасты. Мұражай Торғай өңірі мәдениеті мен өзіндік ерекше тарихы бар ескерткіштермен таныстырады.

1980-1990 жылдары мәдениет ошақтары, көптеген мөлтек аудандар, бүлдіршіндер бақшалары салынып, толықтырылды. 1970 жылы Торғай даласына жаңа облыс ашу үшін тапсырмамен келген Өзбекәлі Жәнібековтың жас облысымыздың өркендеуіне, мәдени өміріне қосқан үлесі зор. Қалада ең бірінші 1964 жылы қазіргі Өзбекәлі Жәнібеков атындағы театр салынды. 1972 жылдың 24 желтоқсанында Торғай театры өз шымылдырығын «Айман-шолпан» пьесасымен ашты. Өзбекәлі Жәнібековтың жетекшілігімен Арқалық қаласы маңызды мәдениет орталығына айналды. 1971 жылы «Торғай әуендері» фестивалі дүниеге келді. Облысымыздағы Серке Қожамқұлов атындағы драма театры, облыстық филармония «Шертер» фольклорлық этнографиялық ансамблін құрды. Арқалық қаласы қай жағынан болмасын өте тез қарқынды дамыды.

Арқалық қаласындағы білім беру мекемелері

Арқалақ Торғай өңірінің индустриалды-экономикалық және мәдени-білім ордасы болып қала бермек. Арқалық (Қызылқозы) жаңа бет бұрыспен дамыды. Құрылыс жұмысына сол кездегі Кеңес үкіметіне қарайтын елдерден мыңдаған жастар ағылып келе бастады. Халықтың келуіне байланысты орта мектеп ашылып, оның тұңғыш директоры Ұлы Отан соғысының жауынгері Батырхан Балдіков және оқу ісінің меңгерушісі Орманбек Бимағанбетов болды. Бүгінде қаламызда жалпы білім беретін 26 мектеп бар. 10 қалада, 16 селолық аймақтар мен селоларда орналасқан. (13-орта, 11-негізгі, 2-бастауыш) екен. Олардың ішінде 12 мектеп таза қазақ тілінде дәріс береді, 13 мектеп аралас, 1 мектеп орыс тілінде дәріс береді. Атап айтсақ, Ы. Алтынсарин атындағы гимназия, №1 Ш. Уалиханов атындағы орта мектеп, №2 орта мектеп, №3 Б. Майлин атындағы орта мектеп, №4 Кейкі батыр атындағы орта мектеп, №5 М. Әуезов атындағы орта мектеп, №6 А. Құнанбайұлы атындағы гимназия, №8 орта мектеп, №10 орта мектептері оқушыларды білім нәрімен сусындандырып, қанаттандырып ұшыруда. Мектепке дейін білім беретін «Ақбота», «Золотой ключик», «Раушан», «Алпамыс», «Балдырған», «Ай-Али» және шағын орталықтар жұмыс істейді. Оның сыртында қалада түзету мектебі, №5 орта мектеп жанындағы интернат, қосымша білім беру орталығы және «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер орталығы мектеп оқушыларын жан-жақты қамқорлыққа алуға. Б. Байқадамов атындағы музыка мектебі бар.

Ы. Алтынсарин атындағы мемлекеттік педагогикалық институты, Н. Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжі, Медициналық колледжі, Арқалық политехникалық және көпсалалы колледждері өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қажетті 3,7 мыңға жуық мамандар даярлауда.

Мәдениет саласы

70-90 жылдары мәдениет пен өнердің дамуы ұлттық өнерімізді халық арасына кеңінен таратып, талғампаздыққа тәрбиеледі. Торғай облыстық партия комитетінің үгіт-насихат хатшысы Өзбекәлі Жәнібеков және өнер қайраткері-этнограф Болат Сарыбаев қазақтың көне саз аспаптарын жаңғырту мәселесін көтерді. Торғай өңірін өздері аралап, көне қазақы саз аспаптарын қалпына келтірді. Осы азаматтардың басшылығымен Қазақстанда алғашқы болып «Шертер» фольклорлық-этнографиялық ансамблі дүниеге келді. Оның басы-қасында Төкен Елтебаев, Қайыржан Мақанов, Тоқбай Тоқжанов, Жұмағали Өмірбековтер болды. Торғай өңірі тума таланттар иесі және кәсіби білім алып келген жастар «Шертерді» шыңға көтерді. Олар: Сайлау Ордабаев, Ғалымжан Құрманов, Сапар Әбенев, Бораш Әбенев, Отаркүл Мұқатова, Әбілқасым Әбжанов, Дариға Құрманова, Әбжан Сарсенбаев, Қыпшақ Қойғарин, Ғазиза Жүмекенова, Қалибек Деріпсалдин, Айтан Сейдахметовтар еді. Кеңестер Одағы мен дүниежүзінің ондаған елдеріне «Шертер» ежелгі қазақ этносы мен оның өнерін паш етті. 70 жылдары ашылған Қазақ драма театрының актерлері Досжан Жанботаев, Асылболат Исмағұлов, Шахарбанум Есенқұлова Мәскеудің М. С. Щепкин атындағы өнер

институтын бітірген жастар еді. Олар сомдаған Айман-Шолпан, Төлеген мен Қызжібек, Алпамыс пен Қамбар батыр, Тұрар Рысқұлов образдары халық көңілінен шығуы мен қатар облыс және қала жұртшылығының мәдени көзқарасын қалыптастырды.

Жерлестеріміз алғашқы кәсіби композитор Бақытжан Байқадамовтың 100 жылдық, актер Әнуар Боранбаевтың 70 жылдық мерейтойлары туған жерлерінде 2017 жылы республикалық деңгейде атап өтілді. Бұл Үкімет тарапынан талант иелеріне деген құрмет болса, екінші жағынан Торғай өңірінің өнері мен мәдени деңгейін жоғары бағалауы еді.

Домбырашы Сағын Жалмышев күй өнерін насихаттаса, ақын-сатирик қазақ халқының салт-дәстүрін зерттеуші этнограф Сейт Кенжеахметов шығармалары көптеген ұлттар тіліне аударылды. Ұлттық ою өнерінің шебері Шөптібай Байдилдин қорында жинақталған үш мыңнан астам оюлары жастарды қол өнерін жандандыруға тәрбиелеуде. Қазақстанның халық ақыны Қонысбай Әбілов айтыс өнерінің майталманы аталса, оның шәкірті, айтыстың ақтаңгері Айбек Қалиев тәлімгер ақын ретінде танымал. Сирек мамандық иесі, «Құрмет» орденінің иегері, өңірдегі алғашқы кәсіби мүсінші Әбілбек Ұзақұлының қолынан шыққан монументалды Қошқар, Жәуке, Кейкі, Аманкелді батырлар, Ақан Нұрманов, Қанекей Жармағанбетов, Әнуар Боранбаев мүсіндері замана тарихынан сыр шертер туындылар.

1971 жылы Торғай облысында радио іске қосылды. Бас режиссері Бақыт Бұхарбаева мен директоры Күлаш Молдахметова еді. 1992 жылы осы мекеме негізінде Торғай облыстық телерадиокомпаниясы, 1997 жылы қалалық теледидары, 2012 жылы «Арқа дидары» ЖШС деп қайта құрылды. Облыстық «Торғай таңы», облыс жабылған соң «Торғай» газеті жарық көрді. Қалада «Арқалық хабары» газеті мен теледидары республикамыздың саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуының жарқын беттерін ауыл-аймаққа таратуы өңірдің өз заманымен қатарласа келе жатқандығының айғағы.

Сонымен қатар Арқалық қаласындағы Облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасы, Арқалық қаласындағы «Дала өлкесі тарихы» облыстық мұражайы, Жасөспірімдер театрының, Қалалық мәдениет сарайының залдары ешқашан бос болмайды. Мәдениет қызметкерлері қала тұрғындарымен кездесіп тұрды. Концерттер ұйымдастырып, жерлестерінің көңілдерін көтерді, олардың жүрегінде үміт отын жақты. Қаламызда жүргізіліп жатқан мәдени іс-шаралар халықтың әлеуметтік жағдайын және рухани байлығын арттыруда маңызды рөл атқарды. Қаламыздың ең басты байлығы ол тұрғындары. Қала тұрғындары өздерінің адал еңбегімен туған жерінің нағыз патриоты екендіктерін дәлелдеді.

Арқалық қаласының тарихындағы қала басшылары

1. Қозыбаев Оразалы Әбілұлы – Арқалық аудандық кеңесінің бірінші басшысы (1962 ж.)
2. Сақан Құсайынов – Торғай олысының бірінші басшысы
3. Юрий Трофимов
4. Голубенко Виктор Михайлович
5. Садықов Барлық Садықұлы – Облыс ашылғандағы қала басшысы
6. Стриг Иван Мефодьевич – қалалық партия комитетінің басшысы
7. Мужелевский Борис Данилович
8. Жаманқұлов Жолдасқайыр Керімұлы
9. Мейстер Виктор Викторович
10. Мұсабаев Абай
11. Мұстафин Марат Кәрімұлы
12. Бөлепова Бақытжан Ақанқызы
13. Ахметов Сабыржан
14. Түбекбаев Жомарт Түбекбайұлы
15. Жанат Наметов
16. Мұхитбеков Амангелді
17. Төлеубаев Теміржан
18. Әбдіғалиұлы Берік
19. Амантай Балғарин
20. Ғазиз Бекмұхамедов
21. Эльдар Қонысбаев
22. Әбішев Қайрат Тынымбайұлы
23. Асанов Әмірхан Біркенұлы

Сындарлы сәттен еңсе көтеру

1990 жылдың 17 тамызында Торғай қайта құрылып, орталығы Арқалық қаласы болып белгіленді. Арқалық қаласы осы жылдары дәуірлеу жылдарын басынан өткерді. Халқының саны 70 мыңға жетті. Қалада бірнеше мөлтек аудан, балабақшалар, мектеп, басқа да әлеуметтік нысандар салынды.

Әр қаланың үлкен болсын, кіші болсын адам тағдыры сияқты тағдыры болады – бақытты кезі, асқақтау кезі, шарықтау кезі, қиын және құлау кездері болады. Осындай өтпелі кезең қиыншылықтарын да біздің туған қаламыз Арқалық та басынан өткізді. 1997 жылдың сәуір айында Торғай облысы екіншірет таратылды. Қала үшін құлдырау кезеңі болды. Облыс орталығы мәртебесінен айрылу, елдегі жалпы әлеуметтік-экономикалық күйзеліс көптеген кәсіпорындар мен мекемелердің жабылуына алып келді. Дағдарыс жұмыссыздықты туғызыды. Халықтың үдіре көшуі салдарынан жаңа мыңжылдық басында қалада бұрынғы тұрғындардың жартысынан да азы қалды. Қала шетіндегі жартылай босап қалған шағын аудандардың тұрғындары қала басшылығы жариялаған көш барысында орталыққа көшіп, осындағы бос тұрған пәтерлерге қоныстанды. Шет жақтағы алтыншы шағын ауданның бір бөлігі, жетінші және тоғызыншы шағын аудандар толығымен қаңырап бос қалды. Алайда қаланың шеті бұзылған мен елдің іші бұзылған жоқ. Келешегінен үмітін үзген жоқ. Үкіметтің шағын қалаларға деген көмегінің арқасында, батырдай мерт болып жығылып жатқан қала, бірте-бірте бойын түзеді. Қаржы бөлді, қаланы дағдарыстан алып шығу үшін тәжірибелі мамандар жалдады. 2000 жылдары Арқалық еңсесін тік көтеріп, нарықтық заманға бет бұрды. Осы бір сындарлы кезеңде жылу, су, тоқпен қамтамасыз етіп қаланың бас көтеруіне әртүрлі сала мен мамандық иелері аянбай еңбек атқарды. Олардың арасында басшыдан бастап қарапайым еңбек адамдарына дейін болды. Қала әкімі Жомарт Түбекбаев жас та болса бас бола білді. Өзі де, халқы да тыным таппай қаланы сақтап қалды. 2001 жылы қала оңтайластыру үдерісін басынан өткерді. Облыс және қала басшылығы жүргізген ұйымдастыру-шаруашылық және әлеуметтік-экономикалық шаралар 2004 жылы жалпы жағдайды едәуір жақсартуға мүмкіндік берді. Коммуналдық кәсіпорындарды жандандырып, қаланы қайта жаңғырту жөніндегі жоспарларды жүзеге асыруға қол жеткізілді. Бұл тұрғындардың үдіре көшуін тоқтатып, экономиканы тұрақтандырды. 2003-2004 жылдары босап қалған көп қабатты үйлер жөндеуден өтіп, қала тұрғындары жаңа қонысқа кірсе, 2005-2010 жылдары төрт бірдей тұрғын үй кілті тапсырылды. Мәдени, білім ошақтары қалпына келтірілді: «Ақбота», «Раушан» балабақшалары, Ы. Алтынсарин атындағы педагогикалық институты, Н. Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық, агротехникалық колледжі жатаханалары күрделі жөндеуден өтті. Арқалықтың қайта жандануы тек қана мемлекет берген қаржыға қарап қалмады. Қаланың әлеуметтік-тұрмыстық объектілерін күрделі жөндеуден өткізу мақсатында құрылған жерлесіміз Қайрат Боранбаевтың «Торғай LTD» жеке шаруашылық серіктестігі көмегін берді. Жаңадан салынған Қайрат спорт кешені, жөндеуден өткен балабақша,

Ә. Боранбаев атындағы кинотеатр іштері сәби күлкісіне толып, ел батасын берді. Осы құрлыстармен шектелмеген «Торғай LTD» ЖШС көптеген инфрақұрылымдардың жандануына, шағын және орта бизнестің қалыптасуына атсалысып туған жерінің мерейін көтерді. Сонымен қатар қала тұрғындарының мұқтажы мен көңілінен шыққан «Балажан», «Арқалық», «Ажар молл» сауда және ойын-сауық орталықтары, «Тамаша» моншасы, «Сайора», «Жастар», «Арсенал» қонақ үйі, ресторан комплекстері шағын және орта бизнес дамуымен келді. Соңғы бес жылда Арқалық айтарлықтай дамыды. №2,3,5 Родина мектептері күрделі жөндеуден, Восточный, үштөбе елді-мекендері, қаланың Западный, Северный шағын аудандары су құбырымен қамтамасыз етілсе, Дала өлкесі тарихы мұражайы күрделі жөндеуден өтіп, маңайына көрік берді. «Даңық» алаңы жөндеуден өтуі ел тыныштығын қорғаған жауынгерлерге деген құрмет болса, Тәуілсіздік алаңында желбіреген көк Туымыз егеменді Отанға деген құрмет белгісі. Демалыс саябағы бұқара халықтың спортпен кеңінен айналысуына мүмкіншілік берді. Жылдар өте Торғай кен байыту басқармасы өз жұмыстарын аяқтап, оның цехтарының бірінде ауылшаруашылық техникасын жөндейтін «Arkalykremservice» ЖШС өндіріс орны ашылды. Торғай өңірінде және көршілес жатқан аудандарда мал басының өсуін ескере келе «Торғай Ет» ЖШС өндірісі оған қарайтын мал бордақылау алаңы салынды. И. И. Гертнер ұн тарту «Азия1» ЖШС цехы жұмыс істеп тұр. Бұл диірмен күніне жоғары сапалы 5 тоннаға дейін ұн өндіруге қауқарлы. Ал, өндіріс толық қарқынға көшкен уақытта жылына 1500 тонна ұн дайындап шығарады деп жоспарлануда. Мұнда 6 адамға жаңа жұмыс көзі ашылып отыр. Бүгінгі күннің өзінде бұл жердің өнімдерін қаламыздың бірқатар сауда орындарының сөрелерінен көруге болады. Арқалық қаласының 65 жылдығына орай қармағында бірнеше бизнес көздері бар. «Torgay Plaza» ЖШС кешені жұмысқа қосылды.



Өркендеген көркем қала - Арқалық!



1956 жылы құрылды, қала статусына 1965 жылы ие болды.





Арқалық әкімдігінің ғимараты



Ы. Алтынсарин атындағы мемлекеттік педагогикалық институты, 1972 жыл



Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы. 1971 жыл.



Арқалық қалалық аймақтық аурухана



Арқалық қазақ жасөспірімдер театры.



Әнуар Боранбаев атындағы кино театр

Арқалық қаласындағы «Дала өлкесі тарихы»

облыстық мұражайы



Әбдіғапар хан ескерткіші




Ө.Жәнібековке қойылған мүсін



Алғашқы өндірілген зымыран капсуласы



Торғай даласына түскен боксит рудасы



Аманкелді Үдербайұлы Иманов. 2002 жыл.
/Арқалық қалалық әкімшілік ғимаратының алдына орнатылған/



Халық батыры Кейкі /Нұрмағанбет/ Көкенбайұлы. 2010 жыл.
/Дала өлкесі тарихи мұражай алдына орнатылған/




Ұстаз Ахмет Байтұрсынұлы. 2012 жыл.
/«Омка» базарының алдына орнатылған/



Ауған соғысы ардагерлеріне арналған ескерткіш
/Жастар саябағының ішінде орнатылған/



Арқалық қалалық «Мухтасиф Әлмұхаммед молла» мешіті. 1997 жыл.



«Қайрат» спорт кешені. 2010 жыл



«Жігер» спорт алаңы. 1974 жыл.



Демалыс саябағы



**«Торғай-Ет» ЖШС ет өңдеу кешені.
2018 жыл.**



Қаладағы құс фабрикасы. 2009 жыл.



Сауда және ойын-сауық орталықтары

Биіктен желбіреген мемлекеттік туымыз



«Тәуелсіздік аллеясы»



Биіктігі 18 метр тутұғыр

2021 жылы Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы, Арқалық қаласының 65 жылдығы және Конституция күні қарсаңда қала бойынша жеті нысан пайдалануға беріліп, салтанатты түрде ашылды. Қала мақтанышына айналатын мәдени-демалыс орны «Тәуелсіздік аллеясы» ресми түрде қолданысқа берілді. Мұнда биіктігі 18 метр тутұғыр орнатылып, оған мемлекеттік рәміздеріміздің бірі көк туымыз ілінді. Биіктен желбіреген 4 метрлік мемлекеттік туымызды көрген кім-кімнің болмасын рухы көтеріліп, кеудесінде мақтаныш сезімі оянатыны анық. Сонымен қатар, аллея ішіне ел тәуілсіздігін айшықтайтын маңызды ақпараттар ілініп, келушілер үшін орындықтар орнатылған. Осы жоба жеке кәсіпкер Сағидолла Жанпейісұлының және «Сұлтан» ШҚ басшысы Екатерина Деменинаның демеушілігімен жүзеге асты.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын салтанатты түрде көтеру рәсімі қала әкімі Әмірхан Асанов пен мемлекеттік қызмет саласының ардагері Кәки Ақанға және жас мемлекеттік қызметші, облыстық «Үздік мемлекеттік қызметші – 2021» байқауының жеңімпазы Азатхан Шоқпытовқа ұсынылды.

Қалаға Амангелді, Жангелдин ауданы жақ беттен кіреберісте орналасқан қақпа. Биіктігі 7, ені 12 метрге жететін қос күмбезді, ұлттық нақыштағы еңселі нысанды «Сейтжанов» жеке кәсіпкерлігінің иесі Сейтжанов Ерден Социалұлы өз қаражатына салып берді.



Қалаға Амангелді, Жангелдин ауданы жақ беттен кіреберісте орналасқан қақпа

Орталық саябақта «Саламатты өмір салты» Бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында жергілікті бюджеттен бөлінген қаражат есебінен 3 бірдей спорт алаңы яғни футбол, волейбол, баскетбол алаңдарының кермесі қиылды.

Салтанатты шара қаламен қатар көршілес Аманкелді, Жанкелдин және Жарқайың аудандарының командалары арасындағы футбол, волейбол және үстел теннисі жарыстарымен жалғасты.

Молодежный шағын ауданында және Дорожник шағын ауданында шағын футбол алаңы мен көше тренажерлері кешенінің ашылу салтанаты өтті. Сонымен қатар Северный кентінде көп функционалды хоккей корты пайдалануға берілді. Бұл кешендердің де керме жібі салтанатты түрде қиылып, шашу шашылып, ашылу рәсім футбол ойынымен жалғасты.



Футбол, волейбол мен баскетбол алаңы



Автодром

2021 жылы Астана күнінде қаламызда қос нысанның ашылу салтанаты өтті. Ел игілігі үшін Автодромның ашылуы қаламыздың тұрғындарына ғана емес, көршілес аудандардың халқына да қуаныш сыйлағаны анық. Автодром алаңын салуға қазынадан 80 млн. теңгеге жуық қаражат жұмсалды. Бұл ақшаға мердігер компания «Алюминқұрылыс» ЖШС-гі 7235 шаршы шақырымға асфальт жабынын төсеп, 1,3 шақырым жолақтар сызып, 24 шаршы метрге жасанды тегіс емес жол орнатты. 10 шаршы метрге «Сырғанақ» (горка) аталатын нысан салды. Мұнан бөлек алаңға 18 жол белгілері, 4 бағдаршам орнатылып, 425 метр жер қоршалып, жарықтандырылып, блок модульді контейнермен жабдықталды. Заманауи жабдықталған алаңның керме жібін Қостанай облысы әкімінің орынбасары Арман Әбенев, мердігер тарап «Алюминқұрылыс» ЖШС басшысы Абай Мұқанов, жеке кәсіпкер Серік Төлекбаев салтанатты түрде қиды.



Келесі нысан – «Денсаулық» сауықтыру орталығы. Оңтүстік корейлік технологиямен ем көрсететін «Денсаулық» сауықтыру орталығы мемлекеттің шағын және орта бизнеске деген қолдауының нәтижесінде ашылып отыр. Орталық иесі Роза Танашева. Оңтүстік корейден «Спелеокамера» аталатын құрылғы сатып әкелді. Осы құрылғы арқылы науқастар 40-42 градуста физиотерапия қабылдайды. «Сүйікті қалам – Арқалық» стелласы қалпына келтірілді. Бірнеше спорттық алаңдар бой көтеріп, үлкен алаңға LED экран орнатылды.

Осындай істеліп жатқан сан-саналы жұмыстар қаланың көркін ашып, келбетінің ажарлана түсуіне көмегін тигізуде. Шаһардың келбетін келтіруде кәсіпкерлер де аянып қалмады. Күн өткен сайын қаланың жақсы болуына арналып атқарылып жатқан жұмыстардың көбеюі тұрғындарымыздың көңілін көтереді.

Туған қаласының болашағын ойлаған халқы боксит топырағы бекер жатпай, кірпіш зауыты салынып, керамика бұйымдарын өндірген фабрика қалыпқа келмес пе екен, деген үміті де жоқ емес.

Арқалық қаласына - 65 жыл



Отанымыз Қазақстанның Егеменді ел болғанының 30 жылдығы, Арқалық қаласының 65 жылдығымен тұспа тұс келген Мемлекет және қоғам қайраткері, тарихшы этнограф

Ө. Жәнібековтің 90 жылдығы және «Торғай әуендері» фестивалінің 50 жылдығы аталып өтілді.

Облыстық қазақ жасөспірімдер театрының алаңында облыс аудандарының көркемөнерпаздар ұжымдары мен «Торғай әуендері» фестивалінің лауреаттары шеру жасады.



Театр фаесінде музей, кітапхана өңір тарихынан, өнер адамдарының өмірлеріне арналған көрмелерін құрды. №2 облыстық әмбебеп ғылыми кітапхананың «Өнер» секторы «Өркендеген көркем қала - Арқалық» тақырыбында кітап көрмесі апарылып, шолу жасалды.

Әрі қарай Аймақтағы бірнеше аудан мен елдімекендердің қатысуымен «Торғай әуендері» фестивалінің өткізілуі өнер қайраткеріне деген зор құрмет. Ақпарат көзін кеңейткен «Наурыз» алаңында апта бұрын ғана орналасқан LED экранынан тамашалау мүмкін болды. 20 жылдан кейін қалпына келген фестиваль түбі облыс деңгейінде өткізіліп жатса, қарт Торғайдың мерейі көтеріліп қалар ма еді.



Қаламыздың туған күніне орай бірқатар сала өкілдеріне «Арқалық қаласына - 65жыл» төсбелгісі табыс етілді. Ауылшаруашылық саласы, кәсіпкерлік, мемлекеттік қызмет, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, өнер, ақпарат, спорт т.б. сала өкілдеріне, қаламыздың дамуына сан саладан үлес қосқан Арқалық қаласының құрметті азаматтары мен ардагерлер кеңесінің мүшелеріне қала әкімі мәртебелі марапатты салтанатты түрде табыс етіп, еткен

еңбектері үшін алғысын білдірді.

Арқалықтың болашағына сенеміз. Себебе, қалада өркендеу, халық санының өсуі бар. Бүгінгі күні 40 мыңға жуық тұрғыны бар. Арқалықтың әр атқан таңы оған жақсылықты істер сыйлап, оны бұрынғыдан да көркемдеп, көз қуанатын кейіпке келтіруде. Алда Арқалық бұдан да жақсы, бұдан да әсем қала болады деген қаланың болашағына біздің үмітіміз зор. Ендеше, Арқалықтың атар тандары, берер сыйы көп болып, Арқалығымыз ажарлана берсін, жайнай берсін! Қаламыз қарыштап өркендей берсін!

Есімдердің әліпбилік көрсеткіші

- Айтмағамбетов Е. 89
Аймағамбетұлы Р. 50
Айткенов З. 77
Алматова С. 71
Алтын дала. 1
Аманжолова А. 95
Амантайұлы, Дархан. 6,18,29,
32,36,38,39
Әбдісағит Т. 11
Әбдірәсіл Ж. 78
Әбуғалиева Т. 93
Әлімғазина А. 23
Байжан А. 91
Балахметқызы С. 79
Бегалы А. 60
Бейсекеев С. 92
Бектемісов А. 59
Боранбаев М. 80
Ғалымбекұлы Ғ. 82,86
Досжан Х. 44, 57,74-75,87-88
Ділдабек Ж. 67
Есмағанбетов Қ. 45,53
Ерназаров Т. 81
Жапаров М. 37,47,68
Жәрімбетова Н. 66
Жүнісұлы М. 8-9,13,15,17,
25-26, 31-33,35,41-43,64,72
Ибадильдаев Т. 61
Қайырбек А. 62
Қасенова Р. 85
Қонысбай К. 28
Макишев Р. 49
Молдашұлы Б. 46
Нұрманов Ж. 94
Нұрман С. 58
Науан Қ. 51
Ордабай Б. 54
Өмірбек Ж. 48
Садықова Г. 83.
Сансызбаев Е. 12
Сейтқожина Г. 65
Сомжүрек Ж. 73
Смағұлұлы Ы. 96
Таткенова Ж. 7
Терек Р. 14
Хасенова З. 19

Мазмұны

Құрастырушыдан.....	5
Тарихы терең Арқалық.....	6–7
Географиялық орналасқан жері.....	8
Арқалық қаласы туралы әдебиеттер.....	9
Арқалық қаласы туралы мерзімді басылымдардағы жарияланымдары.....	9–16
Арқалық қаласында алғашқы ашылған нысандар.....	17–18
Арқалық қаласындағы білім беру мекемелері.....	19
Мәдениет саласы.....	19–20
Арқалық қаласының тарихындағы қала басшылары.....	21
Сындарлы сәттен еңсе көтеру.....	22–23
Өркендеген көркем қала – Арқалық!.....	24
Арқалық қаласына – 65 жыл.....	34
Есімдердің әліпбилік көрсеткіші.....	35

Шығ. жауапты:.....К. Б. Борибаева
Құрастырушы:.....К. М. Аубакирова
Редакторы:.....Ә. Қ. Ахметжанова

Басуға 27.09.2021ж. қол қойылды.
Қаріп түрі: Times New Roman.

Басылымның көлемі: 0,4

Таралымы: 3

«Арқалық қаласындағы
облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ

110300, Қостанай облысы, Арқалық қаласы
Абай көшесі, 62. Тел. (факс) 7-09-16.
E – mail:arkounb@mail.ru

